

Ортаңғы топ		ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі						
Күндері	05.01 - 06.01.2022					
Өтпелі тақырыптың атауы	Қысқы демалыстар					
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабқшасы					
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Н.Ж					
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.					
Ата-аналармен әңгімелесу.						
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)			Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге өдеттендіру.	Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.		
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)			Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары". Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдарын және жаттығуларды орындау тәртібі оқу қызметінен тыс уақытта жетілдіріліп, балалар үшін таныс болуы тиіс. Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу) Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада, шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау) Саусаққа тиеді, байқа! Шырша, шырша сыйлықты бермейді, "Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. (шапалақтау)	"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді өзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.		
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.					

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану кезінде, таза үстелдің үстінде тамақ ішуге қажет қарапайым заттар болуы керек: нансалғыш, майлық қоятын ыдыс; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
			Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар!		
Балабақша көстесі бойынша ҰОҚ			Демалыстың ойын-сауық шаралары.		
Серуен			Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Ауа райын бақылау. Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту). Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Жануарлар". Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.		
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша қолдарын көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Жеке жұмыс	Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру;				
Қйге оралу	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:Бекишева М.А